

6D011000- «Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Уалиханова Баян Сапарбековнаның «Медициналық жоғары оқу орнында физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшісі педагогика ғылымдарының докторы Үсен Ахметұлы Байзақтың

ПІКІРІ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында келтірілгендей білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды-болашақ маманды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

Ізденуші Б.Уалиханова осы қағиданы басшылыққа ала отырып, медициналық жоғарғы оқу орындарында оқылатын физика курсының алдында тұрған негізгі міндеттер Қазақстан Республикасының жоғары медициналық білім стандартарында көрсетілген дәрігердің біліктілік сипаттамасынан келіп шығатындығын ескеріп және студент-болашақ дәрігерлердің физикадағы негізгі фундаменталді заңдар мен қағидаларды меңгерумен қатар, бұл физикалық факторлардың адам ағзасына тигізетін әсерлерін, оларды диагностикалық құрал жабдықтарда пайдалануды және бұл құралдармен жұмыс істетуді және оны меңгертуді маман дайындаудың басты міндеті ретінде қарастырған және осы тұжырымды болашақ маман дайындаудың негізгі бағыт екендігін басты назарда ұстаған.

Осы тұрғыдан алғанда ізденуші Уалиханова Баян Сапарбековнаның «Медициналық жоғары оқу орнында физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесі» атты диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті және көкейкесті.

Диссертациялық зерттеу кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Диссертацияның бірінші бөлімінде физиканы кәсіби бағытта оқытудың ерекшеліктері жайлы ғылыми зерттеулерге сараптама жасалып, жоғары оқу орындарында физиканы оқытудың пәнаралық байланыстары анықталған. Физиканың қолдану салалары зерделеніп, «кәсіби бағытта оқытудың» ұғымдарының мәні мен ұстанымдары талданып, ізденуші өзінің анықтамасын берген. Болашақ дәрігерлерді даярлауда физиканы кәсіби бағытта оқытуда еліміздің және шетел ғалымдардың еңбектеріне терең талдау жасалған. Зерттеулерге сәйкес физиканы кәсіби бағытта оқытылуын қамтамасыз ететін оқыту үдерісін ұйымдастырудағы әдістемелік ұсыныстар айқындалған. Физика пәнін кәсіби бағытта оқытудың ерекшеліктері анықталған.

Ғылыми зерттеу жұмысының ішкі бірлігі мен сабақтастығы ғылыми аппараттың жеткілікті дәрежеде және айқын тұжырымдалуымен, зерттеу кезеңдерінің педагогикалық экспериментпен дәлелденіп, практикаға ендірілген оқу-әдістемелік құралдары және педагогикалық

технологиялардың тиімділігі нақты көрсеткіштермен сипатталғандығымен, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігімен, қорғауға ұсынылған қағидаларының дәйектілігімен, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығымен нәтижелерінің практикаға енгізілуімен сипатталады.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, бөлімдер бойынша жасалған тұжырымдар зерттеушінің өзі атқарған ғылыми зерттеу жұмыстарының негізінде жасалған.

Диссертациялық жұмысты еліміздің педагогика ғылымы үшін маңызы бар еңбек деп айтуға болады, өйткені бұл еңбекте педагогика ғылымының бүгінгі күндегі көкейкесті мәселесі шешімін тапқан.

Б.С. Уалиханованың зерттеулерінде алынған ғылыми-педагогикалық нәтижелері болашақ дәрігерлерді даярлауда физиканы кәсіби бағытта оқытудың теориясы мен практикасына қосылған үлес деп санауға болады. Бұл өз кезегінде, болашақ дәрігерлерді даярлауда білімгерлердің сапалы да терең білім алуына берілетін білімнің нәтижелі болуын, бәсекеге қабілетті маман ретінде толықтай қалыптасуын қамтамасыз ете алады.

Диссертацияның негізгі мазмұны әртүрлі халықаралық конференцияларда, соның ішінде шетелде (Ресей) баяндалған.

Уалиханова Баян Сапарбековнаның «6D011000-Физика» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысы барлық негізгі талаптарға сәйкес келеді және «6D011000 - Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты.

Уалиханова Баян Сапарбековнаның «Медициналық жоғары оқу орнында физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы докторлық диссертациясын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6D010000 - «Білім беру» (жаратылыстану ғылымдары) бейіні бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөнінде құрылған диссертациялық кеңесте қорғауға лайықты деп санаймын.

Пікір беруші:

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің доценті,
педагогика ғылымдарының докторы**

